

12. Musataeva S.Sh., Smtikov J.Q. *Eurazua tösinde tabysqan örkeniетter.* – Almaty: Infinline, 2011. – 158 b.
13. Arystanbekova A.H. *Ul'ttar Uıymy jáne Qazaqstan. Audarǵan Qainar Oljai.* – Astana: Audarma, 2004. – 716 bet.
14. Kurmangujin S.A. *45 let na diplomatcheskoi slujbe. Memuary.* – Almaty: ID» Jibek joly», 2003. – 320 str.
15. *Kazakhstan v mejdunarodnom soobestve /pod obei redaktsiei Kazykhanov E.H.* – Almaty: Daik-Press, 2012. – str.148.
16. Qarasaev Ğ.M. *Qazaqstan Respublikasynyń syrtqy saiasaty XX ğasyrdyń sońy – XXI ğasyrdyń basynda (tarıhı-saıası baǵyıtı).* - Öskemen. D.Serikbaev atyndaǵy ShQMTU. 2009. – 205 bet.
17. Muhamedjanova D.Sh. *Kazakhstan ı mejdunarodnye integratsionnye protsessy.* – Almaty: KISI pri Prezidente RK, 2011. – str. 200.
18. Aıaǵan B.Ğ., Nurymbetova G.R., Abjanov H.M., Shapiev B.S. *Qazaqstandaǵy prezidenttik bilik instituty: tarıh, taǵylym, tájirıbe.* – Almaty: Raritet. – 368 bet.
19. Nurymbetova G.R., Kudaibergenov R.A., Seliverstov S.V. *Vneshnepoliticheskie initsiativy Prezidenta Respubliki Kazakhstan N.A. Nazarbaeva. Istoriko-dokumentalnoe issledovanie.* – Almaty: Qazaq entsiklopediasy, 2010. – 384 str.
20. Abjanov H.M., Nursýltanova L.N. *Istoriua nezavisimogo Kazakhstana.* – Almaty: Qazaq entsiklopediasy, 2011. – str. 400.
21. Aıaǵan B.Ğ., Abjanov H.M., Mahat D.A. *Qazirgi Qazaqstan tarıhy. JOO- nyń tarıhshy emes mamandyqtaryna «bakalavriat) arnalǵan oqulyq.* – Almaty: Raritet. 2010. – 448 bet.

ӘОЖ : 94(574):001.891 «1991/2020»  
МҒТАР 03.20:

<https://orcid.org/0000-0003-0449-9796>  
<https://doi.org/10.51889/2022-1.1728-5461.18>

Қ.А. Еңсенов<sup>1</sup>

<sup>1</sup>тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор Мемлекет тарихы институты.  
Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қаласы  
E-mail: kanat-02-79@mail.ru

## ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ (1991-2020 жж.)

### Аңдатпа

Қазақстанның тарих ғылымы Кеңес Одағының кезінде өз деңгейінде айтарлықтай дамыған жоқ. Тек, Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алған уақытынан бері жаңаша көзқараспен тың зерттеулер жүзеге асырылып келеді. Жалпы, Қазақстан тарих ғылымы – дүниежүзі тарихының құрамды бөлігі. Сондықтан, Отан тарихының дамуын және оның дамуына ғылыми-зерттеу институттарының қосқан үлесі мен қызметін қарастыру да маңызды мәселе екендігі анық.

Бұл мақалада Қазақстан тарихына қатысты ғылыми-зерттеулердің жүзеге асырылуы, Археология және Шығыстану институттарының құрылуы, қалыптасуы және Отан тарихын зерттеуге арналған бағдарламалар мен ғылыми-зерттеу жобаларына қатысуы, орындалған жұмыстардың нәтижелеріне талдаулар жасау арқылы зерттеу нысанына алынған. Қазақстан тарих ғылымының дамуына осы аталған институттарда қызмет жасайтын ғалымдардың 1991-2020 жылдар аралығында қосқан үлесі және Отан тарихына қатысты зерттеулері, олардың атаулары мен нәтижелері туралы баяндалған.

**Кілт сөздер.** *Отан тарихы, Қазақстан тарихы, Көне дәуір, Орта ғасыр, Археология, Деректер, Тарихнама, Материалдық мәдениет, Жәдігерлер.*

Енсенов К.А. <sup>1</sup>

<sup>1</sup>кандидат исторических наук, ассоциированный профессор Институт истории государства.  
Республика Казахстан, город Нур-Султан  
E-mail: kanat-02-79@mail.ru

## ИССЛЕДОВАНИЕ ИСТОРИИ КАЗАХСТАНА (1991-2020 гг.)

### Аннотация

Историческая наука Казахстана не была достаточно развита в советское время. Только с момента обретения независимости Республикой Казахстан исследования стали проводиться в контексте нового взгляда. В целом, историческая наука Казахстана – составная часть всемирной истории. Поэтому очевидно, что рассмотрение развития отечественной истории и вклада в ее развитие и деятельность научно-исследовательских институтов также является важным вопросом.

В данной статье представлены результаты исследований по истории Казахстана, создание, становление институтов археологии и востоковедения, участие в программах и научно-исследовательских проектах по изучению отечественной истории, анализ результатов выполненных работ. Рассказывается о вкладе ученых, работавших в данных институтах, в развитие исторической науки Казахстана и исследованиях по истории Отечества, их названиях и результатах в период с 1991 по 2020 годы.

**Ключевые слова.** История Отечества, история Казахстана, Древняя эпоха, Средневековье, Археология, Источники, Историография, Материальная культура, Реликвии.

*K.A.Yensenov*<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Candidate in historical sciences (PhD), Associate Professor Institute of State History.  
Republic of Kazakhstan, Nur – Sultan city  
E-mail: kanat-02-79@mail.ru

## THE STUDY OF KAZAKHSTAN HISTORY OF (1991-2020)

### Abstract

Kazakhstan's historical science was not well developed at the time of the Soviet Union. However, since the Republic of Kazakhstan's independence, fresh research projects have been conducted using a different approach. Kazakhstan's historical science is, in general, an important element of world history. As a result, it is critical to evaluate the evolution of the country's history, as well as the contributions and activities of research institutes.

This article discusses the execution of historical research in Kazakhstan, the formation of the Institute of Archeology and Oriental Studies, and involvement in national history programs and research projects, as well as the analysis of the work's outcomes. The contribution of scientists working in these institutes to the development of historical science in Kazakhstan from 1991 to 2020, as well as their historical research, is presented, together with their names and results.

**Key words.** Homeland History, History of Kazakhstan, Ancient Age, Middle Ages, Archeology, Data, Historiography, Material Culture, Artifacts.

**Кіріспе.** Қазақстан тарих ғылымы – әлемдік тарих ғылымының бір бөлшегі сияқты. Әлемде әр мемлекеттің тарих ғылымының дамуы өзіндік даму жолынан өтті. Сондықтан, Отан тарихының қалыптасуы мен дамуы да бірнеше кезеңнен өткен. Мысалы, Кеңес Одағы кезінде Қазақстанның тарих ғылымы ойдағыдай дамымады. Өйткені, қоғамда бақылау мен шектеулер болды. Сондықтан, ұлттық тарихты зерделеу және жаңаша көзқараспен жазу тек тәуелсіздік жағдайында оң өзгерістерге бастады. Қазақстанда тарихты зерттеумен айналысатын ғылыми-зерттеу институттары да жаңаша зерттеулерге кіріскен еді. Солардың қатарында Археология және Шығыстану институты да болды. Қазақстан тарих ғылымының дамуын зерделеу үшін осы аталған институттардың атқарған еңбектерін саралаудың өзі өзекті мәселе болып табылады.

**Мақсаты.** Қазақстан тарих ғылымының дамуына сараптама жасау үшін оның дамуына үлес қосып келе жатқан ғылыми-зерттеу институттарының атқарған жұмыстарын зерделеу де маңызды. Осы тұрғыдан алғанда бір мақала көлеміне жетерлік зерттеу нысаны ретінде Археология және Шығыстану институттарының мемлекеттік бағдарламаларға қатысуы, ғылыми-зерттеу жобаларына қатысуын, жарыққа шығарған еңбектеріне талдаулар жасау мәселесі осы зерттеудің мақсаты ретінде қарастырылды.

### Материалдар мен әдістер.

**Материалдар.** Ғылыми зерттеу мақаласын жазуға Қазақстан Республикасы Ғылым Академиясының архив қоры, Археология және Шығыстану институттарының жылдық ғылыми-зерттеу есептері тың деректер ретінде пайдаланылды. Сондай-ақ, тақырыпқа байланысты жазылған зерттеу еңбектеріне талдау іске асырылып, оларға сілтемелер жасалынды.

### Зерттеуде қолданылған методология.

Ғылыми зерттеудің теориясы және методологиясы бойынша негізінен тарихшылық, объективтілік, тарихи салыстырмалы талдау және тарихи жүйелілік методтары пайдаланылды. Әр тақырыптың өзіндік

зерттеу методологиясы болады. Біз зерттеу нысанына алынып отырған Қазақстан тарих ғылымының дамуына қатысты ғылыми-зерттеу жобалары мен жарық көрген еңбектерді қарастырдық.

### **Нәтижелерді талқылау.**

Қазақстанның қазіргі тарих ғылымының жетістіктері отандық тарих саласында оның бүкіл өн бойында жаңа зерттеулер қажет екенін атап көрсетуге мүмкіндік берді. Мұндай зерттеулердің бәсекелестік жағы және олардың қоғамдық мәні теориялық қорытындылаудың болуымен, тәжірибелік материалдарға терең талдау жасаумен, ғылыми нәтижелер алуда әлемдік стандарттар өрісіне шығумен, әлемнің тарихшылары мен қоғамтанушыларының достастығын нығайтумен айқындалуға тиіс. Әлемдік тарих ғылымының даму стратегиясы жаңа мыңжылдықтағы жаңа методологиялық әдістерге жүгінеді. Дамыған елдер гуманитарлық саланы қаржыландыруға баса назар аударады. Бұл проблеманың екінші бір жағы мемлекеттердің кадрлық ғылыми-техникалық әлеуетінің сапасына баса назар аударуда, оның бәсекеге қабілеттілігіне ден қоюда болып отыр.

Қазіргі кезеңде халықтың төл тарихына деген ынтасының өсуі заңды құбылыс. Дегенмен соңғы жылдардағы өзгерістер ұлттық-мәдени сананың түлеуі тәуелсіз мемлекеттің нығая бастағанының айғағы Отандық тарих ғылымы еліміздің тәуелсіздігімен бірге келген терең түбегейлі өзгерістер мен жаңаруларды басынан өткізуде. Оның басты көрінісі – тарих ғылымының бұрынғы идеологиялық қыспақтан арылып, төл тарихты зерттеуге бет бұрған дер едік. Ұлттық тарих тұтас ұлттық таным, төл рухани құндылықтар контекстінде қарастырыла бастады.

Елімізде Қазақстан тарихына қатысты зерттеулерді жүзеге асырып келе жатқан бірнеше институттар бар. Мәселен, Археология институты–көне материалдық және мәдени ескерткіштерді зерттеумен айналысатын ғылыми мекеме. Институт ҚКСР Министрлер Кабинетінің 1991 жылдың 28 тамыздағы №496 қарарына сәйкес және Қазақ КСР Ғылым академиясы төралқасының 1991 жылғы 6 қыркүйектегі №73 қарарымен археология институты Қазақстан Ғылым академиясы Тарих, археология және этнография институты құрамынан бөлініп шықты. Институтқа Қазақстан Ғылым академиясының академигі Ә.Х. Марғұланның есімі берілді [1].

Археология институтының ғалымдары көне тас дәуірінен бастап, ортағасырлық кезеңге дейінгі аралықты зерттеумен айналысады. Онда тас дәуірінің ескерткіштері, қола дәуірінің ескерткіштері мен қоныстары, ерте темір дәуіріндегі көшпенділердің ескерткіштері және әлемдік өркениетке қосқан үлестері мен өнерін зерттейді. Сондай-ақ, ерте ортағасырлық кезеңдегі түркілік мәдени ескерткіштері, ортағасырлық қалаларды қазу, ондағы өркениет белгілерін анықтау және зерттеумен шұғылданады. Институт ғалымдары ежелгі полеолит тұрақтарын зерттеу нәтижесінде қазақ жерін адам баласы бір миллион жыл бұрын мекендегенін анықтады. Қазақстан жері сақ, түркі тайпаларының атамекені болғандығы дәлелденді, қазақ этносының қалыптасу процесі түзіліп, Батыс Түрік қағанаты, Түркеш, Қарлұқ, Қарахандар мемлекет бірлестігінің тарихы нақтыланып, олардың Орта және Таяу Шығыспен, Орта Азия, Еділ бойы, Орал тауы өңірі, Сібірмен саяси, экономика және мәдени байланыстары ашылды. Қазақ жеріндегі Ұлы Жібек жол бойы, көшпелілер мен отырықшылар өркениеті, қала мен даланың өзара қатынасы мен ықпалы зерттелді. Орта ғасырдағы Отырар, Тараз, Түркістан, Сарайшық және Талхиз қалаларында жүргізілген қазба жұмыстарының нәтижелері Қазақ мемлекеттілігі мен мәдениетінің қалыптасуы, түрік, қыпшақ, қаңлы және қарахан дәуірінен бастау алатындығы туралы тұжырым жасауға мүмкіндік берді. Институт мамандары ЮНЕСКО-ның «Ұлы Жібек жолы – мәдени қатынас жолы» атты халықаралық бағдарламасын жасауға қатысты. Институт антропогенез, көшпенділер мәселелері, урбанизация, мәдениеттану бағытында зерттеулер жүргізді [2]. Мысалы, зерттеу нәтижелері ретінде бірінші топтың Орталық Қазақстан аймағы бойынша қазба жұмыстарын айтуға болады. Онда: Ерте темір дәуіріндегі Тасмола I-IV мұртты қорғандары зерттелді. Осы аймақты зерттеумен айналысқан М.Қ. Қадырбаев, Ж.Қ. Құрманқұловтың «Культура древних скотоводов и металлургов Сары-Арки» (1992) атты еңбегі жарық көрді.

Екінші топ. Жетісу археологиялық экспедициясының зерттеу тобының ашқан жаңалықтары: сақ және үйсін заманындағы оба-қорғандардан табылған зергерлік бұйымдар. Сондай-ақ, Жетісу өңіріндегі қазақ халқының Ақтам, Сүмбе, Ақтас қоныстары зерттелді. Жұмыстардың қорытындылары ретінде Т.В. Савьелеваның «Оседлая культура северных склонов Заилийского Алатау в VIII-XIII вв.» (1994); С.Ж. Жолдасбаевтың «Жетісу тарихы» (1996) кітаптарын атауға болады; Үшінші топ. Оңтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясы. Бұл бағытта ортағасырлық қалалар – Отырар, Жуантөбе, Бөріжар, сарайлық кешендер – Талас өзені бойы, Талғар қалашығы, Іле және Шу өзендері бойындағы сақ ескерткіштері зерттелді.

Төртінші топ. Батыс Қазақстан археологиялық экспедициясы З.С. Самашевтың басқаруымен Ембі, Сағыз, Жайық өзендері бойынан, Үстірт өңірінен көне ғибадатханалар мен қала қоныстары зерттеді. Сонымен қатар, Ақтау маңынан Тоқсанбай, Айтман, Сайатөс, Бейнеу жерлерінен қоныстарды қазды. Осы Батыс Қазақстан аймағынан сармат заманының Бәйте I-III, Терең, Қара-Қонай, Үстірттен оғыз заманының Жезді қалашығы, Жайықтың жағасынан Алтын Орданың астанасы болған Сарайшық қаласына қазба жұмыстары жүргізілді. Нәтижесінде З.С. Самашев пен В.С. Ольховскийдің «Население Арало-Каспийского региона в сарматскую эпоху» (1997) деп аталатын көлемді ғылыми-зерттеу мақаласы жарияланды. Бесінші топ. Шығыс Қазақстан археологиялық экспедициясының тобы. Онда бірнеше бағытта жұмыстар атқарылды. Солардың ішінде әлемдік деңгейде айтарлықтай жаңалық болған сақ заманының «Берел қорғаны» (1998). Қорғаннан сақ патшасы және әйелі 13 атымен бірге көмілген көптеген алтын әшекейлер табылды. Бұл – ерте көшпенділер өркениетінің болғандығының айқын дәлелі [3].

Археология институты 1997-1999 жылдар аралығында 6 ғылыми-зерттеу жобасын жүзеге асырды. Институт ғалымдары 7 топ болып жұмыс атқарды. Мысалы, Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша археологиялық экспедициясына тарих ғылымдарының докторы, профессор К.М. Байпақов жетекшілік жасады. Көне тас дәуіріне байланысты «Ранние палеолитические памятники в травертинах аридной зоны Евразии» деп аталатын ғылыми жобаға Ж.Қ. Таймағамбетов жетекші болды. Сонымен қатар, Арал-Каспий өңіріндегі көшпенділер мәдениетінің тарихын зерттеуге арналған жобаны З.С. Самашев басқарды [4].

2007 жылы Археология институты «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы бойынша Алматы облысының «Қойлық» қалашығы, Атырау жеріндегі «Сарайшық» қаласы, Үстірт даласындағы «Қызыл Үйік» ғибадатханасы сияқты тарихи орындарды зерттеді. Сондай-ақ, ЮНЕСКО-ның қатысуымен Оңтүстік Қазақстан облысындағы «Отырар қаласы» және Алматы облысының территориясындағы «Таңбалы тас» ескерткіштеріне зерттеу ұмыстары жүргізілді [5].

Археология институты ғалымдары 2009 жылы «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы бойынша көптеген жұмыстар атқарған. Мысалы, Алматы облысында А.А. Горячев «Түрген шатқалы археологиялық кешені»; Атырау облысында З.С. Самашевтың жетекшілігімен «Сарайшық қаласындағы зерттеулер»; Батыс Қазақстан облысының мәдени мұрасынан Ж.Е. Смайлов пен Е.С. Қазиев «Қырық оба II некроплене археологиялық зерттеу» жүргізді; Жамбыл облысында У.Х. Шәлекенов, Е.Ш. Ақымбек және Б.А. Байбугунов «Ортағасырлық Ақтөбе (Баласағұн)» қаласына; М.Елеуов «Ортағасырлық Тамды» қаласына зерттеу жасады.

Қарағанды облысында А.З. Бейсенов және А.Е. Қасеналин «Беғазы-Дәндібай мен Тасмола ескерткіштерін» зерттеді. Ал, Қызылорда облысында С.Ж. Жолдасбаевтың жетекшілігімен «Сығанақ» қаласына зерттеу жүргізді.

Оңтүстік Қазақстан облысында Е.А. Смағұлов пен М.Қ. Тұяқбаев «Түркістан қаласының» шаһристанына; Д.А. Тәлеев «Созақ» қаласына зерттеу жасады. Сондай-ақ, Шығыс Қазақстан облысында А.Т. Төлеубаев, Ұ.Ұ. Үмітқалиев және Р.С. Жұматаев «Шілікті қорғандарын»; З.С. Самашев жетекшілігімен «Берел қорғандарының зерттеу» қорытындыларын жариялады [6].

2011 жылы Археология институты ғалымдары көне және ортағасырлық ескерткіштерге байланысты іргелі ғылыми жобаларын жүзеге асырған. Зерттеу жұмыстарының негізгі нысандары ретінде – ж.с.д. I мың жылдықтағы Қазақстан жерінде болған этномәдени процестерді теориялық тұрғыда модельдеу аясында ерте көшпенділердің мәдени кешендерін зерттеу; қола дәуірінің, сақтардың, үйсіндердің, қаңлылардың, Қаратөбе сияқты қоныстардың және Ұлы Жібек жолындағы: Отырар, Алтынтөбе, Оқсыз, Сауран, Талғар, Қоялық, Түркістан, Сидак қалаларына археологиялық экспедициялар жүргізілген [7].

Институттың ғылыми-ұйымдық қызметіндегі ең бір маңызды бағыты – 2004-2013 жылдарға арналған «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыруға қатысуы.

2012 жылдан бері институттың гранттық басымдық бағдарламасы бойынша «Елдің зияткерлік әлеуеті» деген тақырыпта жұмыстар жүзеге асырылды. Институт ғалымдары 2014-2016 жылдары «Халық тарих толқынында» деп аталатын мемлекеттік бағдарламасының аясында да бірқатар қазба жұмыстарын атқарып, экспедициялар ұйымдастырды.

2017-2020 жылдар аралығында да Археология институты бірқатар жобаларды жүзеге асырды. Олар негізінен көне және орта ғасырлар кезеңінің материалдық мәдениеті мен ескерткіштері, ортағасырлық қалашықтар, қалалар мәдениеті, өркениетке қатысты тың зерттеулерді жасады [8].

Қазақстанда Шығыстану институтының қызметіне және зерттеулеріне тоқталсақ. 1970 жылдардың соңында Тарих, археология және этнография институтында шығыстану зерттеулерін жүргізуде біршама нәтижелерге қол жеткізген еді. Осы бағытта Б.Е. Көмеков, К.А. Пищулина, В.Я. Басин сияқты ғалымдар табысты еңбектер атқарды. 1979 жылдың наурыз айында Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және

этнография институтында Шығыстану бөлімі ашылды. Құрылған күннен бастап Шығыстану бөлімі мен мәдениет тарихы бөлімінің меңгерушілігін Р.Б. Сүлейменов қатар алып жүрді. Қазақ КСР Ғылым академиясы төралқасының 1980 жылғы 12 маусымдағы №115 қаулысымен Қазақ КСР Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі Р.Б. Сүлейменов мәдениет тарихы бөлімінен босатылып, Шығыстану бөлімі меңгерушісі қызметіне тағайындалды. Ғалымның жігерлі еңбегі мен іскерлік қабілетінің арқасында 1992 жылғы 13 ақпанда Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының төралқасы Ұйғыртану институтының жанынан Шығыстану орталығын құру туралы қаулы қабылдады. Орталық жетекшісі Р.Б. Сүлейменов тағайындалды. Өкінішке орай, ғалым көп ұзамай науқастан қайтыс болды [9].

1993 жылы Шығыстану орталығы 1993-1995 жылдар аралығында орындап шығу үшін 10 ғылыми-зерттеу жобасын жоспарға енгізді. Олардың тақырыптары: «Түркі тілдерінің лексикалық қоры: салыстырмалы сөздік түзу», «Қожа Ахмет Яссауи Хикметтері: текстологиялық сараптама», «Қазақстан тарихы мен мәдениетіне қатысты араб-парсы теректері», «Орталық Азияның тарихы мен мәдениеті», «Қазақстанның Таяу Шығыс және Орта Шығыс елдерімен саяси қарым-қатынасы», «Қазақстан мен Шығыстың саяси жүйесі», «Қытай қазақтары» және тағы басқа да жобалар орындалған. Сондай-ақ, Шығыстану орталығы әлемнің 10 шақты мемлекеттерімен әріптестік байланыстар орнатқан [10].

Шығыстану орталығы 1993-1995 жылдар аралығында тарих ғылымдарының докторы, профессор М.Х. Әбусейтованың ғылыми жетекшілігімен «Қазақстан және Орта Азия тарихына қатысты араб, парсы және түркі тілдеріндегі деректер» тақырыбында ғылыми-зерттеу жобасын орындаған. Зерттеу жұмысын жүзеге асыру барысында Ресей, Тәжікстан және Өзбекстан елдерінен деректер жинақталған. Осы аталған кезеңде Шығыстану орталығында тарих ғылымдарның кандидаты А.Галиевтың жетекшілігімен «Қазақстан мәдениетіндегі ирандық компонент», тарих ғылымдарының кандидаты А. Сұлтанғалиеваның «Қазақстан тәуелсіздігі жағдайында исламдық фактор», Д.Н. Нұртазинованың ғылыми жетекшілігімен «Қазақстан Республикасының Таяу Шығыс елдерімен қарым-қатынастары» тақырыптары және тағы басқа ғылыми-зерттеу жобалары жүзеге асырылды [11].

Шығыстану институты бұрынғы Ұлттық Ғылым академиясының шығыстану секторы және Ұйғыртану институты негізінде 1996 жылы 11 қарашада құрылған. Шығыстану институты белгілі Р.Б. Сүлейменов есімімен аталды. Институтта есімдері Қазақстанмен қатар шет елдерде де белгілі: Ә.Б. Дербісәлі, М.Х. Әбусейтова, Ә.Қ. Мүминов, К.Л. Есмағамбетов, А.Қ. Арыстанбекова, Г.М. Меңдіқұлова, Т.Қ. Бейсембиев, Г.М. Исхаков, Ш.Ж. Тоқтабаева, Ә.К. Акишев, А.К. Камалов, Б.Еженханұлы және тағы басқа ғалымдар жұмыс жасап, бірқатар еңбектерді жарыққа шығарды.

Осы институт өз алдына жеке құрылған кезеңде ғалымдардың бірқатар еңбектері жарық көрді: М.бусейтованың «XV-XVII ғғ. Қазақстан мен Орта Азия: тарих, саясат, дипломатия» (1996), К.Т. Талиповтың «Қазіргі Шыңжаң және оның Қазақстан-Қытай қарым-қатынастарындағы орны» (1997) атты монографиясы жарық көрді. 2000-2002 жылдар аралығында институт ғалымдары «Орталық Азия: түркі халықтарының тарихи-мәдени байланыстары» (IX-XIV ғғ.), «Қазақстанның Шығыс елдерімен тарихи-мәдени және саяси-экономикалық байланыстары» және «Қытай Халық Республикасы мен Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік-экономикалық реформалар: салыстырмалы талдау» деп аталатын жобалар жүзеге асырылды.

Атқарылған жобалардың аясында А.К. Камаловтың «Көне ұйғырлар. VIII-IX ғғ.», С.К. Көшкімбаевтың «Орталық Азия ықпалдасу жолында: геосаясат, этника, қауіпсіздік», Ж.М. Төлебаеваның «XVIII ғ. басы – XIX ғ. бірінші жартысындағы Қазақстан мен Бұқар хандығы», «Иасауи Қожа Ахмед. Хикметтер» (Шағатай тілінен аударма) деп аталатын монографиялық еңбектер басылып шықты.

Осындай зерттеулердің нәтижесінде және «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы аясында «Қазақстан тарихы туралы парсы деректемелері» сериясымен Өтеміс қажының «Шыңғыс-наме», Мұхаммед Садықтың «Тазкира-йи азизиан» (2005), «XV-XIX ғасырлар шығармаларынан үзінділер» (2006) жарияланды. «Қазақстан тарихы туралы парсы деректемелері» сериясында: Джамал ал-Каршидің «ал-Мулхакат би-с сурах», Абд ал-Кадир ибн Мухаммад-Амин «Маджма ал-ансаб ва-л-ашджар» (2002) жарыққа шықты. «Қазақстан тарихы туралы қытай деректемелері» сериясында: «Цин патшалық дәуірінің құжаттар» (2005), «Әлеуметтік-тарихи жылнамалар» 2-3 бөлімдерін (2006) Б. Еженханұлы құрастырып шығарды. Ал, «Қазақстан тарихы туралы моңғол деректемелері» (2006) деп аталатын еңбектерді Қ.Мұхаммадиұлы, А.Тойшанұлы, Д. Қатран, Б.Қинаятұлының құрастыруымен жарық көрді.

2006-2008 жылдары институт ұжымы 8 ғылыми-зерттеу жобасын жүзеге асырды. «Орталық Азияның тарихы мен мәдениеті: ежелгі заман, орта ғасыр және қазіргі уақыт», «Орталық Азиядағы түркі-моңғол конфедерациясының этносаяси және этномәдени дамуы (VIII-XVI ғғ.)» және «Қазақстан, Орталық Азия және Қытай: ынтымақтастық үдерістер және оның даму тенденциясы» деп аталатын аса маңызды

жобалар жазылды. Институт ғалымдары 2004-2010 жылдары аралығында «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы бойынша ғылыми-зерттеулер, түсініктемелер, көрсеткіштермен қамтамасыз етілген шығыстық қолжазбалардың аудармалары кірді. Нәтижесінде Шығыстану институтының қызметкерлері М.Әбусейтова, Ә.Қ. Мүминов, Ж.М. Төлебаева, Н.Базылхан, Б.Еженханұлы, А.Ш. Нұрманова, Д.Е. Медерова, Ж.Ошан, Ж.Тойшан – «Қазақстан тарихы туралы парсы деректемелері» (5 том), «Қазақстан тарихы туралы қытай деректемелері» (5 том), «Қазақстан тарихы туралы моңғол деректемелері» (3 том) және тағы басқа сериялық еңбектерді шығарды.

2009-2011 жылдар аралығында іргелі ғылыми-зерттеу жобалары бойынша 10 жобаны орындады. Ғылыми жобалардың негізгі зерттеу бағыты Қытай және Орта Азия мемлекеттерімен байланысты болды. Мысалы, «Көшпенділердің этномәдени символикалық жүйесі» деп аталатын жоба жетекшісі – Н.Базылхан, «Қазақстан мен Орта Азия тарихы мен мәдениеті туралы Қытай тарихнамасы» атты жобаның ғылыми жетекшісі – Б. Еженханұлы болды [12].

Институт ғалымдары 2012-2014 жылдардың аралығында 8 ғылыми-зерттеу жобасын жүзеге асырды. Атап айтсақ, олардың ішінде тарих ғылымдарының докторы, профессор М.Әбусейтованың жетекшілігімен «Восточные письменные, архивные памятники и артефакты по истории и культуры Казахстана» және «Научное наследие Чокана Чингисовича Валиханова и современность» тақырыбында жобалар жазылды. Сондай-ақ, тарих ғылымдарының докторы (PhD) Б. Еженханұлының жетекшілігімен «Қазақ-цин қарым-қатынас тарихы шеңберінде қалыптасқан қазақ сұлтандарының хатнамаларына зерттеулер» жобалары орындалды [13].

2015-2017 жылдар аралығында Шығыстану институты ғалымдары 13 ғылыми-зерттеу жобалары бойынша жұмыстар жасады. Бұл жобалардың «Восточно-туркестанские источники по истории и культуре Казахстана и Центральной Азии (XVI-начало XX вв.)»; тарих ғылымдарының докторы, профессор М.Х. Әбусейтованың жетекшілігімен «Великий Шелковый путь в источниках и архивных материалах»; филология ғылымдарының докторы, профессор Ә.Б. Дербісәлінің жетекшілігімен «Историко-культурное и духовное наследие Казахстана, стран Ближнего и Среднего Востока» тақырыптарындағы ғылыми-зерттеу жобаларын орындады [14].

Тарихнамалық және деректанулық еңбектердің негізінде Шығыс мемлекеттерінің әлеуметтік-экономикалық, саяси және рухани өмірінің процестері, сондай-ақ әлеуметтік трансформациялардың түрлі тұжырымдамалары зерттелді. «Ғылыми қазына» және «Халық тарих толқынында» мемлекеттік бағдарламасы аясында 2010-2016 жылдары 16 кітап пен монография жарыққа шықты. Шығыстану институты көптеген ғылыми-зерттеу орталықтарымен халықаралық ынтымақтастықты жемісті түрде дамытуда [15].

Кейінгі уақытта да Шығыстану институты бірқатар жобаларды жүзеге асырып келеді. Атап айтсақ, «XVIII-XIX ғасырлардағы жазба деректемелер Орталық Азияның түркі халықтарының әлеуметтік және рухани өміріндегі сопылардың рөлі туралы» және «Жалпыәлемдік контексттегі қазақтардың дәстүрлі мәдениетіндегі архетипі» атты ғылыми-зерттеу. Бұл тақырып ерекшелігі пәнаралық деңгейдегі зерттеулердің нәтижелерін қоса қорытып, біріктіріп ғылыми тұрғыдан сарапталуы. Қазақстан ғылымында алғаш рет қазақтың ұлттық салт-дәстүрлері, әдет-ғұрпы, ұстанымдары, сәулет өнері, фольклоры, этикеті, іргелі сәндік – қол өнері туындылардағы архетиптерді жалпы әлемдік деңгейде қарастыру зерттеудің басты ғылыми жаңалығы болып табылады [16]. Міне, осындай және тағы басқа да Отан тарихы мен мәдениетіне қатысты ғылыми-зерттеу жобалары жүзеге асырылып келеді.

Тарих ғылымы – ұлттың, елдің тәуелсіздігінің және тарихи сананы қалыптастырудың тірегі. Өйткені, Отан тарихы - оның әлемдік қауымдастықтағы орнын айқындайтын ең негізгі фактор болып табылады. Тарихсыз қоғам, мемлекет болмайтыны белгілі. Бірақ сол тарихтың ғылымға негізделіп, шынайы түбегейлі жан-жақты зерттелмеуі тарихи сананың ұлттық рухтың әлсіреуіне әкелетініне, әсіресе өткен жиырмамыншы ғасырдың ұрпақтары талай рет көз жеткізді. Ендеше отандық тарих ғылымының алдында тұрған өзекті мәселе – сол ғылымның теориялық және методологиялық ұстанымдарына сүйене отырып, іргелі зерттеу арқылы болашақ зиялы ұрпақ тәрбиелеу.

Халқымыздың тәуелсіз Қазақстан Республикасы атты мемлекет құрып, ұлттың азаттығын сақтай білуі бүгінде қаншалықты маңызды болса, сол мемлекеттің шынайы да танымды тарихын жазып, келер ұрпаққа жеткізе білу де соншалықты маңызды. Өйткені, тарих – ұлттың жады. Танымды тарихты жадында жатталған ұлт қана ұлт ретінде сақталып, басқалармен қатар терезесі тең өмір сүре алады. Тарихын қастерлеген ұлт қана өткеннен тағылым алып, келешегіне сеніммен қарай алады. Демек, ғылыми негізде жазылған танымды тарих – ұлт тәуелсіздігінің, ұрпақ тәуелсіздігінің кепілі.

**Зерттеу нәтижесі.** Ғылыми-зерттеу мақаласын жазу нәтижесінде Қазақстан тарих ғылымының дамуына қатысты мәселелер қарастырылды. Сондай-ақ, Отан тарихының дамуына үлес қосып келе

жатқан Археология және Шығыстану институттарының мемлекеттік бағдарламалар мен жобаларға қатысуы және оны орындау барысында жарыққа шығарған еңбектері ғылыми негізде қарастырылып, тарих ғылымының дамуын зерделеу үшін архив құжаттары мен ғылыми-зерттеу институттарының жылдық есептері қаралып, жарық көрген еңбектерге талдаулар жасалды.

**Қорытынды.** Қазақстан тарих ғылымының дамуында жаңаша өзгерістер еліміз егемендік алғаннан кейін болды. Бұрынғы тарих ғылымындағы шектеулер жойылды. Тарихтың ақтаңдақтарын зерттеу қолға алынды. Міне, осы бағытта зерттеу нысанына алынған Археология және Шығыстану институттарының 1991-2020 жылдар аралығында атқарған қызметтері, ғылымның дамуына қосқан үлестері архив деректері мен құжаттар арқылы ғылыми тұрғыдан сараланды. Атап айтсақ, ғылыми-зерттеу институттарының атқарған жұмыстарына қатысты архив құжаттары Ғылым Академиясының архивінде сақталған болса, зерттеу қорытындылары есептер ретінде институттардың өз ішіндегі архивтерде де сақталған. Міне, осындай негізгі құжаттар мен деректер тобы ғылыми айналымға тартылып, тарих ғылымының дамуына қатысты зерделеулер жасалды.

**Автор алғыс айтады.** Мақала Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің қаржылық қолдауымен, мемлекеттік тапсырыс аясында «Қазақстанның қазіргі заманғы тарих ғылымының дамуын зерделеу және ғылыми негізделген тұжырымдамалар жасау» тақырыбы бойынша ғылыми-зерттеу жобасына (ПЦФ) қатысты дайындалды (ЖТН 11465459).

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. Байпаков К.М. *История развития археологии Казахстана в структурах институтов Истории, археологии и этнографии им. Ч.Ч. Валиханова АН КазССР и Института Археологии им. А.Х. Маргулана // Қазақстанның тарих ғылымы: Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының 60 жылдығына арналды.* – Алматы: «Мер-Сал» баспа үйі, 2005. – С.162.
2. «Қазақстан»: ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев. – Алматы: «Қазақстан энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998. – 51 б.
3. Байпаков К.М. *Институт Археологии им. А.Х. Маргулана (краткая история, научные достижения, перспективы).* – Алматы: 1998. – С.56.
4. *Отчет о научно-организационной деятельности Института Археологии им. А.Х. Маргулана за 1999 г.* – С. 129.
5. *Отчет по государственной программе «Культурное наследие» за 2007 год.* – С.150.
6. *Отчет по государственной программе «Культурное наследие» за 2007 год.* – С.275.
7. *Отчет о научно-организационной деятельности Института Археологии им. А.Х. Маргулана за 2011 г.* – С. 545.
8. ҚР БҒМ ҒК Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының сайты // [http://www.archaeolog.kz/index.php?option=com\\_content&view=article&id=6&Itemid=11&lang=ru](http://www.archaeolog.kz/index.php?option=com_content&view=article&id=6&Itemid=11&lang=ru) [18.01.2022].
9. Исабек Б.Қ. *Академик Рамазан Сүлейменов.* – Алматы: Дайк-Пресс, 2007. – 121-160 бб.
10. *Отчет о научной и научно-организационной деятельности за 1993 год. Центр Востоковедения // Архив Академии наук Республики Казахстан. Ф.116. Оп.1-6, Д.202. лл. 1-18.*
11. *Программа приоритетных научных направлений Центра востоковедения на 1993-1995 гг. // Архив Академии наук Республики Казахстан. Ф.116. Оп.1-6, Д.200. лл. 1-10.*
12. *Институт востоковедения им. Р.Б. Сулейменова КН МОН РК. Отчет о научном и научно-исследовательской деятельности института за 2010 год.* – С.82.
13. *Институт востоковедения им. Р.Б. Сулейменова КН МОН РК. Отчет о научном и научно-исследовательской деятельности института за 2014 год.* – С.92.
14. *Институт востоковедения им. Р.Б. Сулейменова КН МОН РК. Отчет о научном и научно-исследовательской деятельности института за 2015 год.* – С.108.
15. Р.Б. Сулейменов атындағы ҚР БҒМ ҒК Шығыстану институты // *Институт қызметі туралы анықтамалық жинақ.* – Алматы: Дайк-Пресс, 2010. – 1-45 бб.
16. ҚР БҒМ ҒК Р.Б. Сулейменов атындағы Шығыстану Институтының сайты // <https://shygystanu.kz/archives/2165> [18.01.2022].

References:

1. Baipakov K.M. *Istoriya razvitiya areologii Kazakhstana v strukturakh institutov Istorii, arkeologii i ehtnografii im. CH.CH. Valikhanova AN KazSSR i Instituta Arkheologii im. A.KH. Margulana // Kazakstannyn tarikh gylmy: SH.SH. Ualikhanov atyndagy Tarikh zhane ehtnologiya institutynyn 60 zhyldygyna arnaldy. – Almaty: «Mer-SaL» baspa yji, 2005. – S.162.*
2. «Kazakstan»: ylttik enciklopediya / Bas redaktor A. Nysanbaev. – Almaty: «Kazakhstan ehnciklopediyasi» Bas redakciyasi, 1998. – 51 b.
3. Baipakov K.M. *Institut Arkheologii im. A.KH. Margulana (kratkaya istoriya, nauchnye dostizheniya, perspektivy). – Almaty: 1998. – S.56.*
4. *Otchet o nauchno-organizacionnoi deyatelnosti Instituta Arkheologii im. A.KH. Margulana za 1999 g. – S. 129*
5. *C.150. Otchet po gosudarstvennoi programme «Kulturnoe nasledie» za 2007 god. – S.150.*
6. *Otchet po gosudarstvennoi programme «Kulturnoe nasledie» za 2007 god. – S.275.*
7. *Otchet o nauchno-organizacionnoi deyatelnosti Instituta Arkheologii im. A.KH. Margulana za 2011 g. – S. 545.*
8. KR BGM GK A.KH. Margulan atyndagy Arkheologiya institutynyn saity. Gylm // [http://www.archaeolog.kz/index.php?option=com\\_content&view=article&id=6&Itemid=11&lang=ru](http://www.archaeolog.kz/index.php?option=com_content&view=article&id=6&Itemid=11&lang=ru) [18.01.2022].
9. Isabek B.K. *Akademik Ramazan Suleimenov. – Almaty: Daik-Press, 2007. – 121-160 bb.*
10. *Otchet o nauchnoi i nauchno-organizacionnoi deyatelnosti za 1993 god. Centr Vostokovedeniya // Arkhiv Akademi nauk Respubliki Kazakhstan. F.116. Op.1-6, D.202. ll. 1-18.*
11. *Programma prioritetnykh nauchnykh napravleni Centra vostokovedeniya na 1993-1995 gg. // Arkhiv Akademi nauk Respubliki Kazakhstan. F.116. Op.1-6, D.200. ll. 1-10.*
12. *Institut vostokovedeniya im. R.B. Sulejmenova KN MON RK. Otchet o nauchnoi i nauchno-issledovatel'skoi deyatelnosti instituta za 2010 god. – S.82.*
13. *Institut vostokovedeniya im. R.B. Sulejmenova KN MON RK. Otchet o nauchnoi i nauchno-issledovatel'skoi deyatelnosti instituta za 2014 god. – S.92.*
14. *Institut vostokovedeniya im. R.B. Suleimenova KN MON RK. Otchet o nauchnoi i nauchno-issledovatel'skoi deyatelnosti instituta za 2015 god. – S.108.*
15. *R.B. Suleimenov atyndagy QR BGM GK Shygystanu instituty // Institut kyzmeti turaly anyktamalyk zhinak. – Almaty: Daik-Press, 2010. – 1-45 bb.*
16. KR BGM GK R.B. Suleimenov atyndagy Shygystanu Institutynyn saity. Gylm // <https://shygystanu.kz/archives/2165> [18.01.2022].

ӘӨЖ 930.2  
МРНТИ 03.81.37

<https://doi.org/10.51889/2022-1.1728-5461.19>

Ш.Нагимов<sup>1\*</sup>, Б.С. Жұмағұлов<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің асс. профессоры, п.ғ.к.,  
Атырау қ., Қазақстан

<sup>2</sup>Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің профессоры, т.ғ.к.  
Алматы қ., Қазақстан  
E-mail: jumagulov-bolat@mail.ru

## ЕЖЕЛГІ ТҮРКІ ЖАЗБАЛАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫНА ҚАТЫСТЫ ДЕРЕКТЕР

### Аңдатпа

Мақала VIII ғасырда жазылған ежелгі түркілік ескеркіштердегі деректердің Қазақстан тарихына қатысына арналған. Евразияның ұлан байтақ кеңістігінде VI ғасырда құрылған Ежелгітүркі мемлекеті екі ғасырдан кейін Батыс және Шығыс түркі қағанаттары болып бөлініп, түрлі ішкі және сыртқы факторлардың нәтижесінде ұсақ бірлестіктерге ыдырап кетті. Дамуының алғашқы кезеңінде алып империя болған Түркі Елі өздеріне көршілес орналасқан жужандарды, қытайлықтарды бағындырып, халқынының